

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 шілдедегі N 916 қаулысының күшін тоқтату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 қазан N 1198

Мұнай операцияларына міндетті сақтандыру жүргізу тетігін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. "Мұнай операцияларын міндетті сақтандыруды ұйымдастырудың тәртібі мен оны жүргізудің шарттары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 шілдедегі N 916 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 31, 288-құжат) күші Үкіметтің ерекше өкімі шыққанға дейін тоқтатыла тұрсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен және Мемлекеттік сақтандыруды қадағалау комитетімен бірлесіп Ұлттық Банктің келісімі бойынша бір ай мерзім ішінде мұнай операцияларына міндетті сақтандыру жүргізу

тетігін жетілдіру жөнінде консультанттарды тарта отырып ұсыныс енгізісін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі